



МЕРЕКЕ МЕЗЕТІ

НАУРЫЗ – ЖАҢАРУ МЕН БІРЛІКТІҢ МЕЙРАМЫ

*Жер-жаһанды сері
саламаттықпен, жұрттың
аузын аққа жеткізіп,
нұр талшыларын алмай
төккізіп, қиандықтың
бәрін келер жылға өткізіп,
Елдердің көк тасын
ерітіп, алтын күректен
жер жүзі жібініп, тас
жүректерді мейіріммен
үзгініп, жеті қат жер
астына дейін бақытып,
жыл құстарының әнін
шақытып, Жетісуға
жасыдан қойлек келіп,
Өарыарқаны салам желге
сүйгізіп, Алағанды
төбесінен көкке тигізіп,
Қаратауға күт-берекені
үйгізіп, ақ булақтарды
ақтарып, шың-құздарды
шаптанып, тізбектен
тырналарды, сүйгізіп
сырғаларды, шеріштың
балықтарды, шапаның
арықтарды, тербестің
наз қайыңдарды, төліктің
жаз жайында әнді,
қаздарды қаңғылатып,
найзағай жарқылатып,
айтын ертегіңді, жайың
желеңіңді, Қазақ даласын
аз-Наурыз мейрамы да
келіп жетті.*

Жағасы 4-5 бетте.



АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ – ЕҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗ



Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша өкілі Жанат Жұмабаев ауданға жұмыс сапарымен келді. Кездесу барысында өңірдегі азаматтардың құқықтарын сақтау мәселелері талқыланып, осы бағыттағы жұмыстардың қорытындысы шығарылды. Уақытыша ұстау орындарында және өмірлік қиын жағдайға тап болған балаларды қолдау орталығында азаматтардың құқықтарын қорғауға баса назар аударылды.

Азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру-олардың құқықтық қорғалуын қамтамасыз етудегі маңызды қадам. Азаматтар өз құқықтары туралы неғұрлым көп білсе, оларға қиын өмірлік жағдайларда оларды қорғау оңайырақ болады, деп атап өтті Жанат Жұмабаев. Құқықтық білім адамдарға өз құқықтарын, оларды жүзеге асыру тетіктерін және көмек сұрауға болатын ресурстарды жақсы түсінуге көмектеседі. Бұл өр адамның құқықтары құрметтелетін және қорғалатын қоғам құрудың негізгі элементі. Азаматтардың хабардарлығы құқық бұзушылықтарды азайтуға және құқықтық тәртіпті нығайтуға ықпал етеді. Жанат Жұмабаев 1948 жылы Бас Ассамблея қабылдаған адам құқықтарының

жалпыға бірдей декларациясында алғаш рет барлық жерде қорғалуы тиіс негізгі Адам құқықтары жарияланғанын еске салды. Декларация өлі де адам құқықтары саласындағы халықаралық құқықтың негізі болып табылады. "Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы" заң үкіл қызметінің мақсаттары мен міндеттерін, оның құқықтық жағдайы мен құзыретін бекітеді. Омбудсменнің басты міндеті - адамның бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруге жәрдемдесу. ҚР нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру. Сондай-ақ адам құқықтары мен бостандықтарын көтермелеу және ілгерілету. - Өкіл өңірдің арнаулы әлеуметтік

қызметтер көрсететін, қоғамнан уақытыша оқшаулауды қамтамасыз ететін немесе жазаны орындауға арналған тиісті ұйымдары мен мекемелеріндегі адамдарға кедергісіз баруға және олармен қарым-қатынас жасауға құқылы. Азаттаудың және арнайы қорлайтын басқа да өтініштер мен жазалардың алдын алу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Өтініштер мен шағымдар қаралады. Қарау қорытындысы бойынша мемлекеттік органдарға, лауазымды адамдарға бұзушылықтардың алдын алу және адам құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіру бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар беріледі, - деп хабарлады Жанат Жұмабаев.

Ол Қазақстанда әйелдер мен балаларды зорлық-зомбылықтың барлық түрлерінен қорғау үшін қажетті жағдайлар жасалғанын атап өтті. Гендерлік теңдік мәселелерін ілгерілетуде ілгерілеушілік байқалады.

-Отбасы, ана мен бала өрекке қорғауда және бұл Конституцияда бекітілген. Мемлекет жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынан айрылған балаларды күтіп-бағуды, тәрбиелеуді және оқытуды қамтамасыз етеді, балаларға қатысты қайырымдылық іс-әрекеттерді көтермелейді. Егер бала ата-анасынан айрылса немесе олардың қамқорлығынсыз қалса, мемлекет оған қамқорлық жасайды. Бұған оны күту, тәрбиелеу және осындай балаларға білім беру кіреді. Мен өмірлік қиын жағдайға тап болған балаларды қолдау орталықтарына үнемі барып тұрамын. Сондай-ақ, мектеп-интернаттар, балалар ауылдары, жасөспірімдер үйлері бар. Қажетті ұсыныстар, ұсынымдар енгізіледі. Көмектеке толмағандар арасында қорқытудың, жасөспірімдер суицидіннің, қылмыстық фактілер мен құқық бұзушылықтардың алдын алу тақырыптары талқыланады, - деп түсіндірді Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша өкілі.

Бұл құбылыстардың алдын алу балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу үшін қауіпсіз орта құрудағы маңызды қадам болып табылады. Мұндай жағымсыз фактілерге қалай қарсы тұру керектігін білу ескелең ұрпақтың адекватты және салауатты өмірлік ұстанымын қалыптастыруға оң әсер етеді және дәстүрлі құндылық бағдарларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

СТЖБ ЕСКЕРТЕДІ

АБАЙЛАҢЫЗДАР, СУ ТАСҚЫНЫ!

Өктемді су тасқыны - күннеген салдарға әкелетін қауіпті табиғи құбылыс. Естеріңізде болсын, сақтық шараларын қолдана отырып, сіз өзіңіздің және жақындарыңыздың өмірін сақтап қаласыздар!



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! СУ ТАСҚЫНЫ!



Алдын ала дайындаңыз:

- Құжаттар;
- Дәрі-дәрмек;
- Жылы киім, аяқ киім;
- Шам және батареялар;
- Майшам;
- 2-3 күнге арналған тамақ пен су.

Жағдай және іс-қимыл тәртібі туралы ақпаратты тыңдау

СУ ТАСҚЫНЫ КЕЗІНДЕГІ ХАЛЫҚТЫҢ ІС - ӨРЕКЕТТЕРІ:

- Сабыр сақтаңыз;
- Газ бен электр қуатын ажыратыңыз, пештегі отты өшіріңіз;
- Эвакуацияға дайын болыңыз! Эвакуация туралы белгі берілген кезде тез арада қауіпті орыннан жақын жердегі қауіпсіз ауданға немесе биік жерге барыңыз. Эвакуацияның соңғы орнында тіркелу қажет!
- Көмек келгенше немесе су деңгейі төмендегенше – ғимараттың жоғары қабаттарында немесе шатырда, ағашта, өзге де биік жерде болыңыз;
- Егер де зардап шегушіге медициналық көмек қажет болмаса су басқан аумақтан өздігіңізден шықпаңыз;
- Су басқан жолда машинамен жүрмеңіз, су ағызып кетуі мүмкін.

СУ ТАСҚЫНЫНАН КЕЙІНГІ ХАЛЫҚТЫҢ ІС - ӨРЕКЕТІ:

- Ғимаратқа абайлап кіріңіз, конструкцияның бүлінбегенін көз жеткізіңіз;
- От жағып және электрді қоспаңыз – газ ағып кетуі мүмкін;
- Тереңі ашық қалдырып үйді келтіріңіз, су болған барлық заттарды шығарып, суды сорып және қоқысты тазалаңыз;
- Су астында қалған азық-түлікті пайдаланбаңыз, жеміс-жидекті қайнаған сумен шайып, қайнаған немесе бетпекшедегі суды ішіңіз.

ҚҰТҚАРУ ТЕЛЕФОНЫ 112

Мағжан Жұмабаев ауданының төтенше жағдайлар бөлімі.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

КОЛЛЕДЖДЕР АРАСЫНДА «ТОП – 100 СТУДЕНТ» БАЙҚАУЫ ӨТЕДІ

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары арасында республикалық «ТОП – 100 студент» конкурсы басталды.



Мақсаты – техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің талантты және перспективалы студенттерін анықтау және қолдау, сондай-ақ Қазақстан экономикасының түрлі салалары үшін жоғары білікті мамандардың кадрлық резервин жасақтау.

Оқу-ағарту министрлігінің баспасөз қызметінің мәлімдеуінше, ұйымдастырушы – сала министрлігіне қарасты «Татар» КЕАҚ.

- Байқау үш кезеңмен өткізіледі:
- іріктеу кезеңі – колледж ішінде өтеді;
- өңірлік кезең – әр колледжден 5 студент қатысады;
- республикалық кезең – пәшүні кезеңде әр аймақтан 10 үздік студент саймсақ түседі.

Байқауға қатысушылардың жұмыстарын сарапшылар: білім беру, өнер және гуманитарлық ғылымдар, денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру, жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, бизнес, басқару және құқық, әлеуметтік ғылымдар және ақпарат, ауыл, орман, балық шаруашылығы және ветеринария, инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары, сондай-ақ қызмет көрсету бағыттары бойынша бағалайды.

Байқауға техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының ниет білдірген барлық студенттері қатыса алады.

АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ

ЖҮРГІЗУШІ КУӘЛІГІН АУЫСТЫРУ ҚЫЗМЕТІ EGOV MOBILE МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫНДА ҚОЛЖЕТІМДІ

Қазақстандықтар жүргізуші куәлігін eGov Mobile мобильді қосымшасы арқылы онлайн ауыстыра алады. Бұл қызмет құжаттың қолданылу мерзімі аяқталған, құжат жоғалған, ұрланған немесе төлқұжат деректері өзгерген жағдайда қолжетімді. Қызмет іске қосылғаннан бері оны 7 000-нан астам адам пайдаланды.



Қызметтің басты ерекшелігі – бұрын берілген жеке куәлік немесе төлқұжаттағы фотосуретті пайдалану мүмкіндігі. Негізгі шарт – фотосуреті бар құжат соңғы үш жыл ішінде шығарылған болуы тиіс.

Қызметті пайдалану үшін:

- eGov Mobile мобильді қосымшасына авторизациядан өтіп, «Қызметтер» бөліміне өту қажет;
- «Жүргізуші және көлік» бөлімінен «Жүргізуші куәлігін беру» қызметін таңдау;
- дайын құжатты алатын ХҚКО-ны таңдау;
- жүргізуші куәлігін ауыстыру себебін көрсету және фотосуретті жүктеу;
- қолтаңба үлгісін жүктеп, байланыс нөмірін енгізу керек;
- мемлекеттік бажды төлеу қажет (- 915 теңге);
- өтінімді Face/Touch ID көмегімен растау қажет;

Қызмет нәтижесі «Хабарламалар» бөлімінде қолжетімді болады. Өтінім мақұлданғаннан кейін жүргізуші куәлігін таңдаған ХҚКО-дан жеке куәлікті және қолданыстағы жүргізуші куәлігін ұсыну арқылы алуға болады. Жаңа құжат берілгенге дейін бұрынғы куәлік жарамды болып қала береді (егер оның мерзімі аяқталмаса).

Қызмет eGov.kz порталында да қолжетімді.

Қызмет ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ және ҚР Ішкі істер министрлігінің бірлескен жұмысының нәтижесінде іске қосылды.

Жайнагүл СЕЙДАХМЕТОВА,
«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы.

МАМАН КЕҢЕСІ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖАҢУАРЛАРЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕРДІ ӨЗЕКТЕНДІРУ ЖӘНЕ ТҮЗЕТУ



2) сандарды өзгерту, ЖСН, БСН-дағы бос орындарды жою.
Ауыл шаруашылығы жануарлары туралы мынадай мәліметтер деректер базасында түзетуге жатады:

- 1) ауыл шаруашылығы жануарының жеке нөмірі;
- 2) жынысы;
- 3) түрі;
- 4) ауыл шаруашылығы жануарларын пішіру туралы мәліметтер;
- 5) туған күні;
- 6) тұқымы.

Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке немесе заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге не портал арқылы осы Қағидаларға сәйкес нысан бойынша өтінішті, дерекқорда өзектендіру үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпаратты қамтитын құжаттардың көшірмелерін, ауыл шаруашылығы жануарларына меншік құқығын немесе өзге де заттық құқықты растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсынады.

Әлия АРБАҒҰЛОВА,
мал дәрігері.

МАЛ ЖАҰ ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАҢЫЗДАР

Құрметті Мағжан Жұмабаев ауданының тұрғындары мен қоңақтары!


Ауылшаруашылық жануарларына абай болуларыңызды және жайылым ережелерін бұзбауларыңызды сұраймыз.

Мәселен, 408-бапқа сәйкес «Ауыл шаруашылығы жануарларын жаю қағидаларын бұзу».

1. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті өкілді органдары белгілеген ауыл шаруашылығы жануарларын жаю қағидаларын бұзу – үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

2. Жеке тұлғалардың мүлкіне залал келтіруге әкеп соққан дәл сол әрекет – он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

Мағжан Жұмабаев ауданының полиция бөлімі.



НАУРЫЗ – ЖАҢАРУ МЕН

Жалғасы, басы I-бетте.

Күн мен түн тесекен наурыз айының 22-ші жұлдызында Бұлаев қаласының орталық алаңында Ұлыстың ұлы күні кеңінен тойланды.

«Қош келдің, Ұлыстың ұлы күні - Наурыз!» атты тақырыпта ұйымдастырылған жалпыхалықтық мереке жыл сайын қанатын кенге жайып, ерекше мерекеленіп келеді. Биыл да ұйымдастырушылар мағжандықтарды қызықты іс-шаралармен және концерттік бағдарламаларымен қуантты.

Екінші жыл қатарынан өз-Наурыз мейрамы мұсылман үшін қасиетті Рамазан айымен тұспа-тұс келіп, биыл да орталық алаңда Жарапазан айтылды. «Аманат» вокалды аспапты тобының құрамындағы ақсақалды аталар мен ақ жаулықты апалар ораза ұстаған адамдардың құрметіне және ниеттерінің қабыл болуына орай тілек ретінде айтылатын Жарапазанды Мәдениет үйінен бастап, орталық алаңмен той-думан орынын бірнеше айналып, жұртшылыққа сән-салтанатымен айтып өтті. Ал мағжандықтар оған тамсана қарап, көне салтқа қол соғып, қошеметтерін амады.

Ұлыстың ұлы күніне орай, орталық алаңда үлкен сахна тұрғызылып, оған қарама-қарсы үлкен киіз үй тігілді. Қос қанаттан киіз үйлер құрылып, оған ауданның мекемелері мен ұйымдары орналасты. Сонымен бірге, жартылай киіз үйлерде ауданның шеберлері жасаған қолөнер туындыларының көрмесі жайғасып, мерекелік дастархан жайылды. Екі алтыбақан құрылып, сауда-саттық алаңы ұйымдастырылды.

Сондай-ақ бұл күні аудан тұрғындары түйе, жылқы, қоян, тауық және тағы да басқа жануарларды жақыннан көріп, қолымен ұстап, суретке түсуге мүмкіндік алды. Жеті қазының бірі – тазы ит пен бүркітті көрген жұртшылық танқала тамашалап, сүйсіне қарады. Балалар үшін көңілді аттракциондар мен өткеншектер қойылып, сатылымда болған түрлі төттілер мерекелік қуаныш сыйлады.

Наурыз мейрамының шымалдығы аудандық Мәдениет үйінің көркем-өнерпаздары арнайы әзірлеген қойылыммен ашылып, сахнада қазақ батырлары, Көктем аруы, Ұмай ана, қыз бен жігіт, ақжаулықты әжелер өнер көрсетіп, жиналған қауымға Қыдыр ата ақ батасын берді. Өртістердің өнеріне қол соққан халыққа аулы әжелеріміз төттіден шашу

шашып, мерекені сөнін келтірді.

Қол алысып, тос қағыстырған адамдар, немерелерін жетектеген ата-әжелер, жүздері жарқын-ер-жігіттермен әшекейлері сылдырлаған қыз-келіншектер, төтті жеп, ойнап жүгірген балалар – жаңа шұақ, жүрекке жылулық сыйлаған мерекенің жарқын көріністері еді.

Бұл күні мерекеге жиналған жұртшылық алдында аудан әкімі Рахат Смағұлов сөз сөйлеп, алаңға жиналған аудан тұрғындарына ізгі тілектерін арнады.

- Қымбатты жерлестер, мағжандықтар! Сіздерді Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын!

Наурыз – жаңару мен жаңғырудың, береке мен бірліктің бастауы. Жылдың бұл мезгілі – күн мен түн теңеліп, жер жүзі қайта жаңаратын шақ. Бұл күні біріміз бір-бірімізге, жақындырымызға тыныштық, бақыт, амандық пен тұрақтылық тілейміз!

Халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан салт-санасы мен өлет-гүрпы түгел тоғысқан осы мейрамның сипатына татулық пен келісім дәстүрлері сай келеді және де бүгін Наурыз нағыз жалпыхалықтық мерекеге айналған.

Ұлыстың ұлы күнінде ұрпақтар сабақтастығы, достық қарым-қатынастар мен қонақжайлық салты дәрістеледі. Сондай-ақ, тереннен тамыр тартатын құндылықтарымыз, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету дәстүрі, мейірімділік, жанашырлық, жасампаздық сияқты қасиеттер ерекше орын алады. Соның арқасында егеменді даму жылдары еліміздің бірлігі бекемделіп, болашағының іргетасын құрайтын негізгі құндылықтар: тұрақтылық, төзімділік, этносаралық теңдік нығайып, тату-тәтті өмір сүріп жатырмыз.

Дана халқымыз «Жақсы сөз – жарым ырыс» деп бекер айтпаған. Жаңа жылды жақсы ниетпен, пайдалы іспен бастау – талайдан қалыптасқан дәстүр. Бұл күні қонақжай жұртымыз ақ дастарқан жайып, бір-біріне ақтілектерін айтады. Бұлақтың көзін ашып, тал егеді, тазалыққа баса мән береді. Наурыз мерекесінде халқымыздың асыл қасиеттері мен құндылықтары түгел көрініс тапқан.

14 наурыз күні Ақмола облысы Бұрабайда өткен Ұлттық Құрылтайда Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев көптеген әлеуметтік, экономикалық және саяси мәселелерді көтерді. Олардың әр қазақстандық үшін маңызы зор екенін айтты.



БІРЛІКТІҢ МЕЙРАМЫ

Президент геосаяси ахуалда қазақстандықтар үшін тұрақты дамудың басты шарты – ұлттық бірлікті, қоғамдағы келісім мен тұрақтылықты көздің қарашығындай сақтау аса маңызды екенін айтты.

Еліміздің басты құндылықтарының бірі бірлік пен ынтымақты сақтау мақсатында біз жанашырлық, тілеулістің сияқты асыл қасиеттерді дәріптеуіміз қажет. Құрметті жерлестер!

Осынау жарқын күнде ортақ үйіміз – Қазақстан Республикасында бірлік пен өзара түсіністік орнаған өрбір шаңыраққа бейбітшілік пен жақсылық тілеймін.

Көктем мерекесі - Наурыз мейрамы құтты болсын! Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын, - деді Рахат Назымбекұлы.

Аудан басшысы қаз-қатар тізілген және белгілі бір тақырыпта безендірілген әр киіз үйге кіріп, мерекеге орай көрме ұйымдастырған жандарға алғыс білдірді.

Мәселен, бірінші киіз үйде аудан қылқалам шеберлерінің қолынан шыққан картиналар көрмесі ұйымдастырылды. Мұнда аудандық тарихи-өлкетану мұражайының директоры Серік Жұмағұлов экскурсия жасаса, жергілікті жас суретші Карина Самсонова меймандарға өзі салған суреттердің қыр-сырына тоқталды.

Екінші киіз үйде Президент жариялаған «2025 жыл - Мамандықтар жылы» тақырыбында нақышқа келтірілді. Булаев қаласында орналасқан кәсіби дайындық және қызмет көрсету колледжінің студенттері заманауи құрал-жабдықтармен жұмыс жасайды. Осылайша, олар өз қатарына болашақ студенттерді қабылдау үшін кәсіби бағдар жүргізіп, келушілерге дөңкерлеу аппаратарын паш етті.

Үшінші киіз үйде Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектеп қонақтарға ұлттық салт-дәстүр – шілдехананы көрсетіп, оның мон-маңзын түсіндіріп берді. Білім ордасы келушілерді қасиетті домбыраның күмбірлеген үнімен қарсы алып, ұлттық тағамдар қойылған мерекелік дастарханнан дәм татуға шақырды.

Төртінші киіз үйде «Алтын ұрпақ» балалар шығармашылық орталығы жайғасып, меймандарға дарынды балалардың қолымен жасалған туындылар көрсетілді. Сондай-ақ тұрғындар мұнда орталық жанында жұмыс жасайтын тоғызқұмалақ, бес асық, асық ату сияқты ұлттық спорт түрлері бойынша үйірмелердің қызметін қарап қана қоймай, өздері де ойын ойнауға мүмкіндік алды.

Мереке кезінде балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің ұжымы садақ атудан шеберлік сабағын өткізіп, кез келген ниет білдіруші садақтан атып, нысана көздеп, дәлдік қасиеттерін шыңдады. Бұл спорт алаңында, әсіресе, ересектермен қатар, балалардың қарасы көп болды.

Одан әрі мекемелер және ұйымдар аудан тұрғындары мен қонақтары үшін мерекелік Наурыз көже, бүйрек, бауырсақ, айран, май, каймақ, ұыз, қоспа және басқа да көптеген дәмді әрі тәтті тағамдар қойылған дастархан жайып, бұл күні жұртшылыққа одан дәм тату бұйырды.

Аудандық Мәдениет үйі мен орталық кітапхана ұжымы үлкен киіз үйді керемет безендіріп, оның ішіне биыл мерейтойларын атап өткелі жатқан ақын-жазушылардың кітап көрмесін ұйымдастырып, қонақтарға тұсау кесу рәсімін көрсетті. Ұлттық киім киген ақ жаулықты әжелер пашу шашып, келушілерге көде сыйлықтар сыйлады.

Бұл күнгі бағдарлама аясында ұлттық спорт түрлері бойынша да қызықты жарыстар өтіп, концерттік бағдарлама көрермендерді көңілінен шықты.

Мерекенің жұлдызды қонағы болған «Бойтерек» тобын алаңға жиналғандар ерекше күткені жасырын емес. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, театр актері, эстрада өншісі Ерлан Малаев бастаған топ мүшелері мағжандықтар алдында өнер көрсетіп, хит болған «Жаншайым», «Досым», «Жүрегің жүрегіме байлауды», «Сүйген адам кешірімді», «Сен» сияқты әндерді орындап берді. Әйгілі трионын өнерін жоғары бағалаған көрермендер өншілермен бірге қосылып, танымал әндерді шырқады.

Осылайша, мағжандықтар сүйікті эстрада өншілерін өз көзімен көріп, бірге ән шырқап, естелік суретке түсу бақытына ие болды. Осындай айтулы мерекелерде елімізге танымал эстрада топтары мен өншілерін шақыру – дәстүрге айналды келе жатқан жақсы құбылыс. Бұл бағаманы халық та қолдайтынын, аудан басшылығының мерекелік сыйлығына дән риза екендігін концерттен көрдік. Ендеше, мұндай игі істер алдағы уақытта әлі де жалғасын табатынына сеніміз мол.

Мереке соңында жиналған жұртшылықтың жүздері қуанышқа толып, көңілдері көтеріңкі болып, ерекше әсер алып, үйлеріне тарасты.

Еркін ТӨЛЕГЕН.



ҚОРЖЫНДА КҮМІС ЖҮЛДЕ



21 наурыз күні Тайынша қаласында «Наурыз мейрамы» мерекесіне арналған ерлер командалары арасында баскетболдан қызықты турнир болып өтті.

Спортшылар жеңіс тұғырына көтерілу үшін сығға түсіп, тамаша техниканы паш етіп, командалық рух пен бірлікті көрсетті.

1 орын – Тайынша қаласы - алаң иелері сенімді өнер көрсетіп, алтын медальды лайықты түрде жеңіп алды!

2 орын - Мағжан Жұмабаев ауданы - соңғы

секундқа дейін табандылық таныта білген спортшылар әдемі ойын өрнегімен көзге түсті.

3 орын – Көкшетау қаласы - лайықты күресіп, турнирде жарқын із қалдырған команда деп айтуға толық негіз бар!

Ойындар шынымен қызықты әрі тартысты өтті. Жеңімпаздар мен барлық қатысушыларды тамаша ойын көрсетулерімен құттықтаймыз.

Алда одан да көрермет ойындар, қызықты сәттер мен үлкен жеңістер болсын!



НАУРЫЗ МЕЙРАМЫНДА ӨТКЕН ТАРТЫСТЫ ОЙЫНДАР

22 наурыз күні Булаев қаласында «Наурыз мейрамы» мерекесі кеңінен аталып өтті. Мереке қала тұрғындары мен қонақтарын көңілді, саяси және халықтық дәстүрлер атлас-ферасына біріктірді.

Спорт алаңдарында ұлттық және күштік спорт түрлерінен бақ сынасқан мағжандықтар өз шеберліктерін көрсете отырып, ең мықтыларын анықтады. Толқу, табандылық, жанкүйерлердің жанайқайы - мұның бәрі жарысты шынымен қызықты етті.

Қой көтеру жарысында - Ағыбай Асқаров жеңіске жетті, ол 3 минут ішінде қойды 65 рет көтерді.

Сүйек сындыру сайысында – Ардақ Қанғозинге тең келер ешкім болмады.

Гір көтеру спортында спортшылар келесідей орындар алды:

- 1 орын - Абдримов Е.
 - 2 орын - Анохин А.
 - 3 орын - Шерниязов Б.
- Қол күрес сайысында жүлдегерлер:

- 1 орын - Майлашев С.
- 2 орын - Тыртышыйн М.
- 3 орын - Каско Г.

Арқан тарту – командалық күш! Сондықтан алаңда үздік атану үшін нағыз күрес болды! Бұл жарыста тек физикалық күш қана емес, сонымен бірге бірлік те қажет.

Нәтижесінде Мағжан Жұмабаев ауданының төтенше жағдайлар бөлімінің 12 өрт сөндіру бөлімінің командасы өз өнерімен күш - бірлікте екенін дәлелдеді. Олар арқанды сенімді түрде тартып, қарсыластарының бәрін жеңіп шықты.

Барлық жеңімпаздар мен қатысушыларды құттықтаймыз! Наурыз рухы табыс, бақыт және жаңа жеңістер әкелсін!

ҮСТЕЛ ТЕННИСІНЕН АУДАНДЫҚ САҒЫС



21 наурыз күні «Наурыз мейрамы» мерекелеуге орай, Қарақоға ауылында үстел теннисінен жарыс ұйымдастырылып, оған Булаев қаласы, Қарақоға мен Қарағанды ауылдарынан спортшылар бақ сынасты. Белсенді іс-қимылды, аса дәлдікті паш еткен спортшылар барынша жеңіске ұмтылды!

Ерлер арасында жеңімпаздар:

- 1 орын – Лелюх Иван.
 - 2 орын – Топышев Руслан.
 - 3 орын – Славный Виктор.
- Әйелдер арасында жеңімпаздар:
- 1 орын – Әубәкірова Жанель.

2 орын – Николаенко Илона.

3 орын – Қайдар Айша.

Ойындар шынымен тартысқа толы болды, спортшылар әр ұпай үшін күресті, ал көрермендер жағымды эмоциялар алып, қолдау көрсетті! Бұл турнир мықтыларды анықтап қана қоймай, қатысушылар мен жанкүйерлерге жарқын сәттер, спорттық толқулар мен мерекелік көңіл-күй сыйлады. Жеңімпаздарды және барлық қатысушыларды құттықтаймыз!

Алда одан да көп турнирлер, әдемі жеңістер мен ұмытылмас матчтар болсын!



ҚАЗАҚ КҮРЕСІ БОЙЫНША АУДАНДЫҚ ТУРНИР



20 наурыз күні Булаев қаласындағы Батыр Баян атындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде «Наурыз мейрамы» мерекесіне арналған қазақ күресі бойынша аудандық турнир болып өтті. Бұл күн күш, техника және жеңіске деген өрік-жігерін көрсеткен ауданның ең мықты балуандары үшін нағыз сынақ болды.

Салмақ дәрежелері бойынша турнирдің жеңімпаздары мен жүлдегерлері:


- 40 кг**
- Мәлік А.
- Әміржан Ә.
- Өтемұрат Р.
- Гречко Д.
- 50 кг**
- Сәрсенбай А.
- Әміржан Д.
- Сағдеев М.
- Сапарғалиев Е.
- 65 кг**
- Абабаев Е.
- Ташенов Д.
- Кенжеболатов Р.
- Бейсенбаев Р.
- 65+ кг**
- Пузиков М.
- Данияр Ж.
- Хамзенов Н.
- Нұрболұлы М.

Жеңімпаздар мен барлық қатысушыларды жеңіп алған орындарымен құттықтаймыз. Сіздердің жауынгерлік рухтарыңыз, жеңіске деген ұмтылыстарыңыз және спортқа деген сүйіспеншіліктеріңіз тек күшейе берсін.

Бұл турнир қазақ күресінің жай ғана спорт емес, батылдық, дәстүрдің және қарсыласқа деген құрмет белгісі екенін дәлелдеді. Алда одан да жарқын жеңістер болсын!

Мағжан Жұмабаев ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі.





Дүйсенбі, 31 наурыз	Сейсенбі, 1 сәуір	Сәрсенбі, 2 сәуір	Бейсенбі, 3 сәуір	Жұма, 4 сәуір	Сенбі, 5 сәуір	Жексенбі, 6 сәуір
QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN
06.00 ӘНУРАН. 06.05 Д/Ф. 07:00 «ТАՆШОЛПАН». 10:00, 14:00, 17:00, 20:00, 00.15 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚЫЗЫМ». 12.10, 02.40 ТАТУ-ТӨТТІ. 13.20 М/Ф. 14.10 АПТА. 15.00, 04.05 ЕҢ ДӘМДІ. 15.50 Т/Х «ҚАРА ШАҢЫРАҚ». 17.10 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 20.30, 00.50 «АШЫҚ АЛАҢ». 21.25 Т/Х «ЫСТЫҚ ҰЯ». 22.15 Т/Х «ЛӘЙЛӘ». 23.15 1001 ТҮН. 01.40 САНА. 04.45 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӨДІГЕР. 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 02.05 АҚПАРАТ. 07.00 ТАՆШОЛПАН. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚЫЗЫМ». 12.10, 03.30 ТАТУ-ТӨТТІ. 13.20 М/Ф. 14.10 АҚОРДА. 14.25 ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ. 15.00, 21.25 Т/Х «ЫСТЫҚ ҰЯ». 16.00 Т/Х «ҚАРА ШАҢЫРАҚ». 17.10 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 20.30, 02.40 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «ЛӘЙЛӘ». 23.15 1001 ТҮН. 23.55 ФУТБОЛ. 04.55 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӨДІГЕР. 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 02.05 АҚПАРАТ. 07.00 ТАՆШОЛПАН. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚЫЗЫМ». 12.10, 03.30 ТАТУ-ТӨТТІ. 13.20 М/Ф. 14.10 ҚОС ПАЛАТА. 14.30 ЕҢБЕК АДАМЫ. 15.00, 21.25 Т/Х «ЫСТЫҚ ҰЯ». 16.00 Т/Х «ҚАРА ШАҢЫРАҚ». 17.10 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 20.30, 02.40 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «ЛӘЙЛӘ». 23.15 1001 ТҮН. 23.55 ФУТБОЛ. 04.55 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӨДІГЕР. 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 07.00 ТАՆШОЛПАН. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚЫЗЫМ». 12.10, 02.40 ТАТУ-ТӨТТІ. 13.20 М/Ф. 14.10 PIZA. 14.40, 04.05 АТАМЕКЕН. 15.00, 21.25 Т/Х «ЫСТЫҚ ҰЯ». 16.00 Т/Х «ҚАРА ШАҢЫРАҚ». 17.10 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 20.30, 00.50 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «ЛӘЙЛӘ». 23.15 1001 ТҮН. 01.40 САНА. 04.35 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӨДІГЕР. 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 23.10 АҚПАРАТ.07.00 «ТАՆШОЛПАН». 10.10, 18.00 Т/Х «ҚЫЗЫМ». 12.10, 02.05 ТАТУ-ТӨТТІ. 13.20 М/Ф. 14.10, 03.30 ТЕЛЕДӨРІГЕР. 14.50 Т/Х «ЫСТЫҚ ҰЯ». 16.00 Т/Х «ҚАРА ШАҢЫРАҚ». 17.10 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 20.30, 00.15 АШЫҚ АЛАҢ. 21.25 ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСА. 22.15 Т/Х «ЛӘЙЛӘ». 23.45 «ПАРАСАТ МАЙДАНЫ» 01.05 САНА. 04.00 «АУЫЛДАСТАР».	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 03.15 «АУЫЛДА- СТАР». 06.30, 17.00, 00.00 АҚПАРАТ. 07.00, 02.15 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ». 08.00 «ТАՆШОЛПАН». 10.00, 18.00 Т/Х «ҚЫЗЫМ». 12.00 ЕҢ ДӘМДІ. 12.50 М/Ф. 14.00 «КОШ БОЛ, ГҮЛСАРЫ», Х/Ф. 16.00 «ӨЗІЛ ӘЛЕМІ». 17.20, 00.20 ҚОС ПАЛАТА. 17.40, 00.40 ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ. 20.00 ЗАМАНДАСТАР. 21.10 КӨСПІКӨЙ БОКС. 01.00 ТЕЛЕДӨРІГЕР. 01.30 Д/Ф.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 03.45 АУЫЛДАСТАР. 06.30, 01.45 «ӘЛЕМДІ ӨЗГЕРТКЕН КЕМЕ АПАТАРЫ», Д/Ф. 07.25 АҚПАРАТ. 07.45, 21.00 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ». 09.00 АҚСАУЫТ. 09.25, 02.30 ТЕЛЕДӨРІГЕР. 10.00, 18.00 Т/Х «ҚЫЗЫМ». 12.00 «ЗАМАНДАСТАР». 13.20 М/Ф. 14.30 М/Ф «АЛДАР КӨСЕНІҢ КӨҢІЛДІ ОҚИҒАЛАРЫ». 14.50 КОНЦЕРТ. 17.00 ӨЗІЛ ӘЛЕМІ. 20.00, 00.40 АПТА. 20.50, 01.30 АҚОРДА. 22.20 «КРУЭЛЛА», Х/Ф. 03.00 «КУМИС КӨМЕЙ».

Дүйсенбі, 31 наурыз	Сейсенбі, 1 сәуір	Сәрсенбі, 2 сәуір	Бейсенбі, 3 сәуір	Жұма, 4 сәуір	Сенбі, 5 сәуір	Жексенбі, 6 сәуір
ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР
05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-3». 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30 Т/С «ЗИМОРОДОК». 11.30 ТАМАША. 12.00 PRESIDENT. 12.15 ӘЛЕУМЕТ. 12.30 Т/Х. 14.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00, 23.00 Т/Х «ТРИГТЕР». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН-5». 22.00 Т/Х «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-3». 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30 Т/С «ЗИМОРОДОК». 11.30 ТАМАША. 12.00 КӨЗҚАРАС. 12.30 Т/Х. 14.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00, 23.00 Т/Х «ТРИГТЕР». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН-5». 22.00 Т/Х «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-3». 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30 Т/С «ЗИМОРОДОК». 11.30 ТАМАША. 12.00 ПРЕЗИДЕНТСКИЙ РЕЗЕРВ. 12.30 Т/Х. 14.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00, 23.00 Т/Х «ТРИГТЕР». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН-5». 22.00 Т/Х «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-3». 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30 Т/С «ЗИМОРОДОК». 11.30 ТАМАША. 12.00 КӨЗҚАРАС. 12.30, 19.00 Т/Х. 14.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00, 23.00 Т/Х «ТРИГТЕР». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 22.00 Т/Х «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-3». 07.00 ОЯН! 09.00 М/Ф. 09.30 Т/С «ЗИМОРОДОК». 11.30 НЕОСЕТЬ. 11.50 FAST СНЕСК. 11.55 БР КІТАП. 12.00 ДЕСТУР. 12.45, 19.00 Т/Х. 14.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00, 23.00 Т/С «ТРИГТЕР». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 22.00 ОЙНАҚ. 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 ЖЕТИ QAZYNA. 07.00 КОНЦЕРТ. 09.30 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ. 10.00 М/Ф. 11.30 М/Ф «ПАНДА И КИВИ». 12.00, 20.45 «ИГРЫ КИЛДЕРОВ» Х/Ф. 14.00 «XXI ФАСЫР КӨПБАШЫСЫ». 15.00 ҚЫЗЫҚ TIMES. 16.15, 22.45 «МИЛЛИОННА КЕЛІСТІК» Х/Ф. 18.00 7 КҮН. 18.45 БІЗДІҢ НАЗАРДА. 19.00 КЕШ ЖАРЫҚ! 00.45 ӘСЕМ ӘНДЕР. 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 ЖЕТИ QAZYNA. 07.00 КОНЦЕРТ. 09.30 М/Ф. 10.40 М/Ф «КОТ ГРОМ И ЗАКОЛДОВАННЫЙ ДОМ». 12.00, 21.00 «КОД 8» Х/Ф. 14.00 АЗАМАТ. 15.15 КЕШ-ЖАРЫҚ. 16.30, 23.00 «ЖАР-ЖАР» Х/Ф. 18.00 7 КҮН. 18.45 НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ. 19.00 АЛҒАШҚЫ. 20.00 ҚЫЗЫҚ TIMES. 00.30 ӘКЕ БАҚЫТЫ. 01.00 КР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 31 наурыз	Сейсенбі, 1 сәуір	Сәрсенбі, 2 сәуір	Бейсенбі, 3 сәуір	Жұма, 4 сәуір	Сенбі, 5 сәуір	Жексенбі, 6 сәуір
ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ
06.00, 01.55 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMIZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, ҚАЗАҚСТАН! 10.00 «Я ЛЮБЛЮ СВОЕГО МУЖА» Х/Ф. 14.00, 01.25 НОВОСТИ. 14.15, 01.40 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.40 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «РЕАЛИЗАЦИЯ». 00.30 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.05 ТОЙ БАЗАР.	06.00, 01.55 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMIZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.05 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.50 Т/С «СПЕЦНАЗ-2». 13.00 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.00, 01.25 НОВОСТИ. 14.15, 01.40 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.40 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «РЕАЛИЗАЦИЯ». 00.30 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.05 ТОЙ БАЗАР.	06.00, 01.55 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMIZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.05 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.50 Т/С «СПЕЦНАЗ-2». 13.00 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.00, 01.25 НОВОСТИ. 14.15, 01.40 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.40 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «РЕАЛИЗАЦИЯ». 00.30 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.05 ТОЙ БАЗАР.	06.00, 01.55 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMIZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.05 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.50 Т/С «СПЕЦНАЗ-2». 13.00 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.00, 01.40 НОВОСТИ. 14.15, 01.55 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.40 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «РЕАЛИЗАЦИЯ». 00.30 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.05 ТОЙ БАЗАР.	06.00, 02.10 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMIZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.05 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.50 Т/С «СПЕЦНАЗ-2». 13.00 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.00, 01.40 НОВОСТИ. 14.15, 01.55 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.55 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 «ПАРЛАМЕНТ ONLINE». 20.50 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.05 Т/С «УЛЬТИМАТУМ». 03.25 ТОЙ БАЗАР.	06.00, 03.30 ТОЙ БАЗАР. 07.55, 02.45 «П@УТИНА». 08.45 ҰЛЫ ДАЛАҢҒЫ МУРАСЫ. 09.00 ҚАЙМАҚ. 09.35 «УЛЬТИМАТУМ» Х/Ф. 13.25 «ЖРЕБИЙ СУДЬБЫ» Х/Ф. 17.20 ТРИ АККОРДА. 19.00 KÖREMIZ-ШОУ. 20.00 АСАУ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.30 ЗАҢ МЕН ЕЛ. 20.55 «ЗАВТРА Я ТЕБЯ РАЗЛЮБИЛО» Х/Ф. 00.45 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 03.00 ТОЙ БАЗАР. 08.05, 02.15 «П@УТИНА». 09.00, 04.30 ҰЛЫ ДАЛАҢҒЫ МУРАСЫ. 09.20 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ. 09.35 ПОЕХАЛИ! 10.25 Т/С «ЗАВТРА Я ТЕБЯ РАЗЛЮБИЛО» 14.35 «СЕРДЕЧНЫЙ ВРАГ» Х/Ф. 18.15 «ВСПОМНИ МЕНЯ» Х/Ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.45 Т/С «НА ПЕРЕКРЕСТКЕ РАДОСТИ И ГОРЯ». 00.30 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.

- Өміріңнің сапасына тек сен жауаптысың
- Өнер үйрен. Мамандығыңда мықтысы бол.
- Пенденің пендеден айырмашылығы — адамгершілігі мен білімінде. Таны, оқы. Бауыржан МОМЫШҰЛЫ.



Қарақоғандағы Наурыз тойы



Әз Наурызда суң иелі бір тәңіреді. Тәбиғат иелі Жер-Ана құлшырады. Жан-жануарлар тыңлады. Мал-төreyтiлер бүрiнiң қарағады. Қазантiң сайып даласын Қызыр баба өседі, адам баласына құй-берекес, бау-доғумен сыйлайды. Ұлсынбейі қара жер, қара топырақ бусалады. Қыл даланың төселде сүзгіндайлар құлшыра өседі, бал-бәлiсiлерi күшiндi-қасында кілем төсейдi. Қыл-байылау Қарақотайлық салың жетiе бүрiң дөңбегі наурыз көже жасап, қыптың салы-дөстiр, әдей-құрандыр көрiнiсi тауып, ай бағы Ұлсынбейі Қыл күрiс тойлайды.

Наурыз айы туғанда, Той болушы еді бұл маңда. Сақталушы еді сыбаға. Сапарға кеткен ұлдарға... деп Мұқағали Мақатаев жырлағандай, қатал қыстан аман шығып, жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер шағы, Ұлыстың ұлы күні – Әз Наурыз мерекесі де жетті. Қарақоға ауылының тұрғындары да Наурыз мерекесін көтеріңкі көңіл, жарқын жүзбен қарсы алды. Мереке басталмас бұрын көңілі көктемдей дархан даланың ел-жұрты таңнан ауылдағы Мәдениет үйінің алдына жиналды. Байырғы заманнан келе жатқан сағыммен жұрт қауыша амандасып, құшақтаса көрісіп, арқа-жарқа болып жатты.

Наурыз мейрамын тойлауға жиналған халықтың ауылдық округ әкімі құттықтап, ізгі тілектерін арнады.

— Бүгінде әз-Наурыз барша Қазақ жұртының сүйікті мерекесіне айналды. Еңбектеген баладан еңкейген көріге дейін Ұлыстың ұлы күнін еліміздің гүлдене беруін айтып, жаңарумен жандандудың ән бесігін тербеген Наурыз мейрамын көңілді қарсы алып жатыр. Мереке құтты болсын, ауыл-дастас! Оттың басы аман, дендеріңіз сау болсын, — деді Жанболат Мұқашев.

Наурыз мейрамының қонақтары ыстық бауырсақ пен наннан, қауап пен палаудан дәм татып, қазақтың ұлттық қолөнерін паш ететін кәде сыйлықтар мен бұйымдар көрмесін тамашалады.

Қарақоға орта мектебінің оқушылары өз қолымен жасаған тақырыптық туындыларын халыққа ұсынып, көрермендердің жоғары бағасын алып жатты. Округте орналасқан ұйымдар ауылдықтар үшін дастарқан жайып, көрден балаға дейін бәріне қонақжайлылық танытты.

Мерекеге орай тігілген киіз үйді ауылдық

ардагерлер ұйымы безендіріп, меймандарға ұлттық салт-дәстүрлер көрсетілді. Алдымен Қарақоға орта мектебінің ұстаздары «Сырга салу» дәстүрін көрсетсе, ардагерлер ұйымы «Бесікке салу» салтын паш етті. Сондай-ақ қариялар мен кітапханашылар Наурыз мейрамының шығу тарихына байланысты көрініс қойып, жұртшылықты тамсандырды. Осы көріністердің барлығы қазақ ұлтының салт-дәстүрлерінің бай екендігін, оның әрқайсысының өзіндік мән-мағынасы бар екендігін көрсетті.

Киіз үйдің алдында тұрған Омар Айдар мен Құрманбай Әміржан есімді екі жас батыр қазақ ұлтының ерлік істерін паш еткендей болды. Мереке Қыдыр ата мен Көктем арудың сахнаға шығуымен басталып, олар жиналғандарға игі тілектерін арнады.

Сонымен бірге, «Эстетика» шоу-балеті этно би орындап, қазақ өнеріне бойлапты. Шашу шашқан әжелерді жұрт қуана қарсы алып, мәре-сәре болды.

Салтанатты шарада аудандық мәслихаттың депутаты Жәния Қайдарова, ауылдық округтегі ардагерлер ұйымының төрайымы Валентина Спиридонова, ауыл имамы Мұрат Олжабайұлы қарақоғалықтарды Ұлыстың ұлы күнімен құттықтап,

Бұл Наурыз мерекесінің басты нышаны болып саналатын наурыз көже ауыл тұрғындарына тегін үлестірілсе, бір қазан палау қазақ жерінде тату тәтті өмір сүріп жатқан көп ұлтты халықтың бірлігінің, достығының нышаны іспетті. Салауатты өмір салтын насихаттайтын ұлттық спорт түрлерінен сынға түскен ересектер мен балалар Наурыз мейрамын санін келтірді. Қазақ күресінен, қой көтеруден, арқан тартудан сынға түскен тұрғындар барын салды. Нәтижесінде жеңіске жеткен үздік спортшыларды округ әкімі Жанболат

Мұқашев марапаттап, сый-сияпат жасады. Жалпы біз ауылдықтар атынан Қарақоға ауылдық округі әкімінің аппаратына, ауылдық кітапханаға, орта мектеп ұжымына, Р.С. Теміров, К.С. Жанжурин, Р.Э. Черпанов, О.Н. Есина, А.Д. Мушников, Ю.Ю. Латышева, Б.К. Баймұратова, Б.К. Баймуратов, А.П. Новиков, «Ярмарка» дүкеніне алғыс айтып, ризашылықтарымызды білдіреміз.

Жиналған қауым ауылдық Мәдениет үйі өнерпаздарының орындауындағы сан алуан көріністерді тамашалады. Халық әндері шырқалды. Керемет күйлер орындалды. Кең-байтақ, қонақжай Қазақ елінде тұрып жатқан өзге де халықтардың ұлттық билері биленип, тарихи-мәдени композициялар қойылды.

Тәуелсіз елімізге жылан жылы келді. Ендеше Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын! Ұлыс береке берсін! Бәле-жала жерге өнсі!

Орынбасар ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА,
Қарақоға ауылы.



<p>Директор - бас редактор Нелси ГОИЧАР</p> <p>Газеттің меншік иесі: «ГАЗЕТА «ВЕСТИ» ЖШС</p>	<p>Редакцияның меншік жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр Баши көшесі, 13 үй. Тел: 2-17-49. Басылым нөмірі: 65360 e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz</p>	<p>Газет аптасына 1 рет бейсенбі күні шығады</p>	<p>«Magjan zhuldyzy» газеті редакциясы терісін беттеледі. «Сенерий Казхстан» баспаханасында басылады. (Петропавл к., Копуков к-сі, 5 үй). Таралымы - 700</p>	<p>Газет аудан өкілінің, аудандық мәслихаттың тапсырысы бойынша шығарылады және газеттер арқылы меншіксіз ақпараттық саясатты жүргізулеті ресми басылым болып табылады</p>
--	--	--	--	--

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395-Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің меншігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізін беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады